

БЕКІТЕМІН
Қабылдау комиссиясының төрағасы
Ректор Төмербаева А.М.
« 15 » 2026 ж.



**2026 жылғы талапкерлеріне арналған
B031–«Мода, Дизайн» білім беру бағдарламалары тобы бойынша
«B02105 Дизайн және креативті индустрия» білім беру бағдарламасы бойынша
шығармашылық емтихандарды өткізу
БАҒДАРЛАМАСЫ**

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Шығармашылық емтихандарды өткізу бағдарламасы шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білім беру бағдарламалары тобы үшін шығармашылық емтихандарды өткізу тәртібін айқындайды.

Талапкерлерді білім беру бағдарламалары тобына қабылдау тәртібі жоғары білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына қабылдаудың Типтік ережелеріне сәйкес реттеледі.

Шығармашылық емтихандардың мақсаты – талапкердің шығармашылық қабілеттері мен шығармашылық бағыттағы мамандықты меңгеру үшін қажетті жеке қасиеттерінің бар-жоғын анықтау.

Шығармашылық емтихандарды ұйымдастыру және өткізу үшін Қабылдау комиссиясының төрағасының шешімімен құрамына Креативті экономика және құқық мектебінің профессорлық-оқытушылық құрамының өкілдері, қоғамдық ұйым мен БАҚ өкілдері кіретін емтихан комиссиясы құрылады.

Білім беру бағдарламалары тобы бойынша екі шығармашылық емтихан өткізіледі, әрқайсысының ұзақтығы үш сағат:

1. «Сурет», «КЕСКІНДЕМЕ 2»* (*қысқартылған оқу мерзімін қарастыратын жақын бағыттар үшін).
2. «Сызу».

Шығармашылық емтихандарды өткізу кестесін қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және ол талапкерлерге алдын ала хабарланады.

Шығармашылық емтихандардың мазмұны, ұзақтығы және бағалау критерийлері білім беру бағдарламасының ерекшелігін ескере отырып, Креативті экономика және құқық мектебі тарапынан әзірленеді.

Шығармашылық емтихандар 50 балдық шкала бойынша бағаланады. Емтиханнан сәтті өту үшін талапкер кемінде 5 балл жинауы қажет.

Шығармашылық емтиханның бірінші кезеңінде белгіленген ең төменгі баллды жинай алмаған талапкерлер келесі кезеңге жіберілмейді.

Шығармашылық емтиханды тапсыру кезінде талаптардың сақталуын қамтамасыз ету, даулы мәселелерді шешу және тапсырушылардың құқықтарын қорғау мақсатында апелляциялық комиссия құрылады.

Апелляциялық комиссиялар емтихан нәтижелерімен келіспеген тұлғалардың өтініштерін қарау үшін құрылады. Комиссияның төрағасы мен құрамы Қабылдау комиссиясының төрағасының бұйрығымен бекітіледі.

Апелляцияға өтінішті емтихан тапсырған тұлға жеке өзі апелляциялық комиссия төрағасының атына жазып, университеттің қабылдау комиссиясына тапсырады. Өтініштер емтихан нәтижелері жарияланғаннан кейінгі келесі күні сағат 13:00-ге дейін қабылданады және бір күн ішінде қаралады.

Апелляциялық комиссия әрбір өтінішті жеке тәртіппен, өтініш берушінің қатысуымен қарайды. Егер өтініш беруші комиссия отырысына келмесе, өтініш қаралмайды.

Апелляциялық комиссияның жұмысының нәтижелері хаттама түрінде рәсімделеді және оған комиссия төрағасы мен барлық мүшелері қол қояды.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАНДАРДЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

Талапкер шығармашылық емтиханға кестеде көрсетілген күн мен уақыт бойынша келуге міндетті. **Емтихан басталғанға дейін 30 минут бұрын аудиторияға кіруге рұқсат беріледі.** Емтиханға кешіккен талапкерлер жіберілмейді. Емтихан ұзақтығы – 3 сағат.

Талапкерлерді аудиторияға кіргізу мен емтихан барысында тәртіптің сақталуын «Білім беру технологиялары» мектебінің жауапты оқытушылары мен емтихан өткізуге тартылған кезекшілер қамтамасыз етеді.

Шығармашылық емтихан өткізу кезінде емтихан комиссиясы төрағасының рұқсатынсыз аудиторияға бөгде тұлғалардың кіруіне қатаң тыйым салынады.

Емтихан барысында талапкер өзімен бірге жеке басын куәландыратын құжаты мен емтиханға қажет кеңсе тауарларын алып келуге міндетті.

Емтихан тапсырушыларға қажет кеңсе тауарларының тізіміне мыналар кіреді: ұшталған қарапайым немесе механикалық (0,3 және 0,5 мм) 4Н, 2Н, НВ, F қаттылықтағы қарындаштар, иілмейтін сызғыштар (металлдан басқасы), әртүрлі өлшемдегі үшбұрыш сызғыштар (ұштары үшкір және жиегі көлбеу, бұрыштары 30, 45, 60 градус), циркуль.

«Кескіндеме 2» пәні бойынша емтихан тапсыратын талапкерлерде қосымша акварель болуы тиіс.

Аталған талаптар емтихан кезінде тапсырмаларды толық әрі сапалы орындауға қажетті жағдайды қамтамасыз ету мақсатында қойылады.

«Сурет» пәні бойынша жұмыс А3 форматындағы парақта, ал «Сызу» пәні бойынша А4 форматындағы парақта орындалады. Қағаз парақтары талапкерлерге шығармашылық емтихан басталар алдында емтихан комиссиясының мүшелері тарапынан таратылады. Бұрмалау немесе өзге де бұзушылықтардың алдын алу мақсатында әрбір параққа арнайы мөр қойылады.

Шығармашылық емтихан басталар алдында талапкерлерге емтихан материалдары беріледі, емтихан парақтарын рәсімдеу ережелері түсіндіріледі, сондай-ақ емтиханның басталу және аяқталу уақыты, нәтижелердің жарияланатын орны мен уақыты, апелляция өткізу тәртібі хабарланады.

Шығармашылық емтихандардың нәтижелері баға ведомосында және емтихан комиссиясының хаттамасында тіркеледі және емтихан өткізілген күні университеттің сайтында жарияланады.

Шығармашылық емтиханды қайта тапсыру қарастырылмаған.

Шығармашылық емтихандар офлайн форматта өткізіледі.

ЕРЕКШЕ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР ТҰЛҒАЛАР ҮШІН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАНДЫ ӨТКІЗУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Университеттің Академиялық саясатына сәйкес, академиялық қызметтегі негізгі қағидалардың бірі – барлық білім алушыларға тең мүмкіндік беру және әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, жыныстық, жас ерекшеліктеріне немесе басқа да белгілеріне, сондай-ақ ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерге қатысты кемсітушілікке жол бермеу болып табылады.

Университет денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі талапкерлер үшін олардың психофизикалық даму ерекшеліктері мен денсаулық жағдайын ескере отырып, шығармашылық емтихандарды өткізуін қамтамасыз етеді.

Мүмкіндігі шектеулі талапкерлер құжаттарды қабылдау туралы өтінішінде шығармашылық емтихандарды өткізу үшін арнайы жағдайлар жасау қажеттігін көрсете алады.

Құжат қабылдау туралы өтініште арнайы жағдайлар қажеттігі туралы ақпарат болған жағдайда, оларға келесі қолдау шаралары ұсынылуы мүмкін:

- денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі талапкерлер үшін шығармашылық емтихандар басқа талапкерлермен бірге бір аудиторияда өткізіледі, егер бұл талапкерге ыңғайсыздық туғызбаса;

- шығармашылық емтихан тапсыру барысында мүмкіндігі шектеулі талапкерге оның жеке ерекшеліктерін ескере отырып, техникалық көмек көрсететін ресми ассистенттің (тьютордың) қатысуына рұқсат етіледі (орын алуға, қозғалысқа, оқу, жазу немесе тапсырманы рәсімдеуге көмектесу, бірақ сурет салу немесе сызбаны орындауды қоспағанда);

- талапкердің жағдайына байланысты қажет деп танылған жағдайда, шығармашылық емтиханның ұзақтығын 1 сағатқа дейін ұлғайту туралы шешімді қабылдау құқығы қабылдау комиссиясына беріледі;

- мүмкіндігі шектеулі талапкерлерге шығармашылық емтихандарды өткізу тәртібі туралы ақпарат олардың мүмкіндіктеріне бейімделген қолжетімді форматта беріледі;

- шығармашылық емтихан тапсыру кезінде талапкерлер өздерінің ерекшеліктеріне байланысты қажет болатын техникалық құралдарды пайдалана алады, мысалы: әртүрлі үлгідегі есту аппараттары, үлкейткіш құрылғылар, тасымалданатын үстел шамдары, қозғалысты жеңілдететін құралдар және басқа да көмекші жабдықтар;

- мүмкіндігі шектеулі талапкерлерден құжаттарды қабылдау университеттің Қабылдау ережелерінде белгіленген мерзімдерде жүзеге асырылады. Бұл мерзімдерді бұзуға жол берілмейді. Құжаттарды қабылдау аяқталғаннан кейін талапкерлерге шығармашылық емтихан өтетін орны мен күні туралы ақпарат беріледі.

ПӘНДІК КІРУ ЕМТИХАНДАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН НЕГІЗГІ ТАЛАПТАР МЕН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

Бейіндік пәндер:


Бірінші емтихан: **СУРЕТ. КЕСКІНДЕМЕ 2** (жоғары білім берудің ұқсас бағыттары бойынша қысқартылған оқу мерзімін көздейтін мамандықтарға арналған).

Екінші емтихан: **СЫЗУ**.


«Сурет» пәні бойынша пәндік емтихан

Ұзақтығы – 3 сағат.


Кіру емтиханы барысында талапкер графикалық бейнелеу шеберлігін, бейнелі ойлау қабілетін, перспектива және композиция заңдарын қолдану икемін көрсетуі тиіс. Талапкер төменде ұсынылған тақырыптардың біріне сәйкес 1 (бір) жұмыс орындауы қажет:



Геометриялық пішіндерден құралған натюрморт (эртүрлі ракурста)



Тұрмыстық заттардан құралған натюрморт



Драпировка суреті

Қолданылатын құралдар, материалдар мен орындау техникасы — емтихан тапсырушының таңдауы бойынша. Сурет қолмен, А3 форматында орындалады.

Талаптар

Натюрморт құрамында мыналар болуы тиіс:

- геометриялық денелер (мысалы: куб, шар, конус, пирамида, цилиндр, призма);
- тұрмыстық заттар (мысалы: бөтелкелер, вазалар, шәйнектер, құмандар, кесе, шыныаяқ, табақ және т.б.);
- көкөністер/жемістер (табиғи түрде немесе муляж ретінде);
- өсімдіктер (мысалы: бұтақтар, гүлдер және т.б.).

Әрбір натюрмортта **кемінде екі драпировка** қолданылуы тиіс. Драпировка натюрморттың объектісі болып саналмайды.

Натюрморттар жасанды (шамдар, жарық құралдары) немесе табиғи (күндізгі жарық) жарықтандыруды ескере отырып орындалуы мүмкін. Жарық пен көлеңке қатынасын талдау кезінде жарық көзі бағыттарының ескерілуі аса маңызды.

Суреттер академиялық сурет салу қағидаларына сәйкес орындалуы тиіс. Кез келген бейнеленген объект сызықтық және ауа-кеңістік перспективаларына сай салынуы қажет. Жұмыс барысында академиялық штрих техникасын меңгеру деңгейі анық көрінуі тиіс.

Сурет композиция заңдылықтарына сәйкес құрылып, талапкердің осы саладағы білімдері мен дағдыларын көрсетуі қажет. Сонымен қатар, ол заттардың масштабын және пропорцияларын бейнелеу әдістерін меңгергенін көрсетуі тиіс.

Тональдық талдау жасау барысында натюрморт элементтерінің көлемін беру, жалпы контраст қалыптастыру, объектілердің жасалған материалына (шыны, металл, керамика және т.б.) сай фактураны бейнелеу басты назарда болуы керек.

Суреттер талапкердің қажетті теориялық білімдерге ие екенін, жалпылау мен талдау жасай алатынын көрсетуі тиіс.

«Сурет» пәні бойынша пәндік емтиханын бағалау критерийлері

1. Композициялық шешімнің дұрыстығы (0–10 балл):

- көлемдердің орналасуы мен пропорциялық арақатынасының сақталуы;
- композицияның тепе-теңдігі және визуалды тұтастығы;
- көлем мен кеңістікті ұйымдастыру деңгейі.

2. Нысан мен пропорцияны дәл беру (0–10 балл):

- заттардың нақты бейнеленуі;
- нысандар арасындағы пропорциялық қатынастардың дұрыс берілуі;
- кеңістіктік перспективаны қолдану.

3. Жарық пен көлеңке қатынасын беру (светотень) (0–10 балл):

- нысандардың көлемін жарық пен көлеңке арқылы бейнелеу қабілеті;
- контрасттың дәлдігі мен бірізділігі;
- жарық көзі бағытына сәйкестік.

4. Академиялық штрих техникасын меңгеру (0–10 балл):

- штрихтың тазалығы, бағыты және қолдану бірізділігі;
- тондық градацияны беру деңгейі;
- материал фактурасын көрсету мүмкіндігі.

5. Жалпы көркемдік деңгейі мен жұмыс мәдениеті (0–10 балл):

- суреттің толықтығы және аяқталуы;
- эстетикалық қабылдау;
- қағаз бетін пайдалану мәдениеті, ұқыптылық.

Жалпы балл – 50 ұпай.

Сәтті өту үшін талапкер кемінде 5 ұпай жинауы қажет.

«Сызу» пәні бойынша пәндік емтихан

Ұзақтығы – 3 сағат.

Кіру емтиханында талапкер сауатты орындалған сызба, бейнелеу мен белгілерге қойылатын шартты белгілер мен ережелерді жақсы меңгеруі, перспектива мен композиция заңдарын қолдана білу қабілетін көрсетуі тиіс.

Талапкер А4 форматында орындалған 1 (бір) сызбалық жұмыс ұсынуы қажет.

Құралдар мен материалдар:


ұшталған қарапайым немесе механикалық (0,3 және 0,5 мм) қарындаштар (қаттылығы 4Н, 2Н, НВ, F), иілмейтін сызғыштар (металлдан басқа), әртүрлі өлшемдегі үшбұрыш сызғыштар (ұштары үшкір және жиегі көлбеу, бұрыштары 30, 45, 60 градус), циркуль.

Талаптар:

Объектінің (детальдың) тікбұрышты изометриялық аксонометриялық проекциясы негізінде, барлық қажетті өлшемдер мен объектіге қатысты жазбалар көрсетілген, бір масштабта орындалған үш проекцияны сызу қажет:

- жоғарыдан көрініс (жоғарғы проекция);
- алдынан көрініс (алдыңғы проекция);
- сол жақтан көрініс (бүйірлік проекция).

Барлық сызбалар бір масштабта орындалуы тиіс.



Тапсырма үлгісі

Орындау үлгісі

«Сызу» пәні бойынша пәндік емтиханын бағалау критерийлері

1. Композициялық орналасудың дұрыстығы (0–10 балл):

- үш проекцияның қағаз бетінде дұрыс орналасуы;
- масштабтың сақталуы;
- қағаз кеңістігін тиімді пайдалану.

2. Сызбаның дәлдігі мен анықтығы (0–10 балл):

- өлшемдердің нақты берілуі;
- нысанның пропорциялық сәйкестігі;
- сызық түрлерін (жуан, жіңішке, пунктир) дұрыс қолдану.

3. Ережелер мен стандарттарға сәйкестік (0–10 балл):

- сызу талаптарына сай орындалуы;
- қаріптер мен жазбалардың стандартқа сай рәсімделуі;
- көріністердің (алдынан, үстінен, сол жақтан) дұрыс және өзара сәйкестігі.

4. Аксонометриялық проекцияның сапасы (0–10 балл):

- изометриялық проекцияның дәлдігі;
- көлем мен форманы дұрыс бейнелеу;
- перспективалық ережелерді сақтау.

5. Жалпы жұмыс сапасы мен ұқыптылығы (0–10 балл):

- сызбаның тазалығы, өшірінділердің болмауы;
- қателер мен түзетулердің болмауы;
- жалпы көркем-эстетикалық қабылдауы.

Жалпы балл – 50 ұпай.

Емтиханнан сәтті өту үшін талапкер кемінде 5 балл жинауы қажет.

«Кескіндеме 2» пәні бойынша пәндік емтихан

Ұзақтығы – 3 сағат.

Кіру емтиханында талапкер кеңістіктегі объектілерді бейнелеу барысында композиция құру, суретті дұрыс орналастыру және акварельмен жазу дағдыларының деңгейін көрсетуі тиіс.

Талапкер 1 (бір) жұмыс орындауы қажет: натюрморт этюдi, акварель техникасында, реалистік мәнерде.

Емтихандық натюрморттар үш немесе төрт қарапайым әрі пішіні мен түсі айқын заттардан және үш локалды түске боялған драпировкалар фонынан тұрады.

«Кескіндеме 2» пәні бойынша кіріспе емтиханға ұсынылатын стандартты натюрморт үлгілері:



Материалдар: А2 форматындағы қағаз, акварель бояуы.

Талап

Контрастты түсті, жеңіл қатпарлы локалды драпировкалар фонында 3–4 заттан тұратын натюрморттың живопись этюдін орындау қажет.

Тапсырманы орындау барысында талапкер келесі дағдыларды көрсетуі тиіс:

- дайындық суретін сауатты орындау: берілген форматқа сай композиция құру, қойылымдағы заттардың пропорциялық арақатынастарын сақтай отырып салу;
- түспен кеңістік пен көлемді дәл жеткізу, жарық сипатын дұрыс бейнелеу;
- натюрморт объектілерін мұқият бейнелеу, олардың материалдық құрылымын көрсету;
- жұмыстың тұтастығы мен аяқталғандығы, түстік үйлесімділіктің сақталуы;
- акварель техникасын реалистік мәнерде меңгеру деңгейін көрсету;
- жұмыстың эстетикалық көркемдігі мен әсерлілігі.

«Кескіндеме 2» пәні бойынша пәндік емтиханын бағалау критерийлері

1. Композициялық шешімнің дұрыстығы (0–10 балл):

- натюрморттың қағаз бетінде (А2 форматында) тепе-тең, үйлесімді орналасуы;
- пішіндердің мөлшерлік сәйкестігі мен дұрыс пропорциясы;
- композицияның орталыққа бағытталуы, композициялық тепе-теңдік.

2. Сызықтық-конструктивтік бейнелеу дағдылары (0–10 балл):

- алдын ала салынған суреттің дәлдігі мен дұрыс құрылымы;
- перспектива мен пропорция ережелерін сақтау;
- заттардың жазықтықта нақты «орналасуы», драпировкалардың табиғи сынуы.

3. Түстік және тональдық шешім (0–10 балл):

- жарық пен көлеңке қатынасын сауатты беру;
- жылы және суық түстердің, рефлекстердің дұрыс қолданылуы;
- нысандардың көлемі мен жарық бағытын түспен көрсету.

4. Материалды жеткізу және фактураны беру (0–5 балл):

–заттардың жасалған материалдарын (шыны, металл, керамика және т.б.) дәл бейнелеу;

–бояу жағу техникасының тазалығы мен нақтылығы.

5. Кеңістікті бейнелеу (0–5 балл):

- сызықтық және ауа перспективаларын қолдану;
- алдыңғы, ортаңғы және артқы жоспарлардың көрінісі.

6. Техникалық орындау мен акварель техникасын меңгеру (0–5 балл):


- бояудың мөлдірлігі, түстердің үйлесімділігі;
- акварельмен «мүсіндеу» арқылы пішінді беру (бояумен форманы салу емес, жазу).

7. Жұмыстың тұтастығы мен көркем-эстетикалық әсері (0–5 балл):

- негізгі мен қосалқы элементтердің үйлесімі, көркемдік акценттер;
- түстік және композициялық тұтастық;
- эстетикалық әсер мен жұмыс мәдениеті.

Жалпы максималды балл – **50 ұпай**.

Емтиханнан сәтті өту үшін талапкер кемінде **5 ұпай** жинауы тиіс.



Сапалы орындалған живопись жұмыстарының үлгілері

ҚАРАСТЫРЫЛДЫ:

Креативті экономика және құқық мектебінің
№ 7 хаттамасы
« 21 » 04 2026 ж.

КЭж/еҚМ деканы Бахыт Е.Б.

МАҚҰЛДАНДЫ:

ОӘК отырысының № 4 хаттамасы
« 10 » 06 2026 ж.

Академиялық қызмет жөніндегі
проректор қ.а.

Нургазиева Л.А.